

ӘОЖ 343.3/.7

**ПЕДОФИЛИЯ: АЗҒЫНДЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ОНЫҢ
МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

Булатова Айару Серікқызы
Aruai2019@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Заң факультеті, «Құқықтану» мамандығының 2 курс студенті, Нұр – Сұлтан қаласы
Ғылыми жетекшісі – з.ғ.к., доцент Ашимова Э.А.

Принциптік тұрғыдан зорлық – зомбылық қылмысты түсіну ерекше қиындықтар туғызбайды. Осы санаттағы ең қауіпті қылмыстардың негізгі ерекше белгісі жәбірленушіге физикалық (психикалық) зорлық-зомбылық немесе оны қолдану қатері болып табылады. Зорлық-зомбылық әрекеттерінің нәтижесі өлім, дене жарақатын келтіру, психикалық зиян келтіру немесе түрлі құқықтық белгілерге байланысты әртүрлі дәрежеленуі мүмкін.

Қазіргі әлемдегі зорлық-зомбылық саласы өте кең болып қала береді. Ол отбасындағы қарапайым тұрмыстық зорлық-зомбылықтан мемлекетаралық қатынастарда ғылыми және техникалық жағынан қамтамасыз етілген қарулы зорлық-зомбылыққа дейін қолданылады. Аталған шектен шығу, әдетте, қылмыс болып табылмайды. Олардың біріншісінде зорлық - зомбылық өзінің негізінде тек моральдық тұрғыдан ғана, ал екіншісінде-саяси тұрғыдан ақталады. Теориялық тұрғыдан криминологиялық маңызды болып кез келген қылмыстандырылған немесе қылмыссыздандырылған зорлық - зомбылық, ал іс жүзінде ұлттық немесе халықаралық қылмыстық құқық бойынша жазаланатын әрекет ретінде сараланатын қылмыстар болып табылады. Бұл - қылмыстық-құқықтық материяда негізгі ұғымдық қиындықтар .

БҰҰ-ның заңнамалары қасақана және қасақана емес (абайсыз) кісі өлтіруді, физикалық күшпен шабуыл жасауды, зорлауды және басқа да әрекеттерді зорлық-зомбылық қылмыстарға жатқызады.

Сексуалды зорлық-зомбылық қылмыстар тобына мыналар кіреді: педерастия, еркек жынысты адамға қатысты әдепсіз әрекеттер, еркек жынысты адамдардың арасындағы әдепсіз мінез-құлық, зорлау, әйел жынысты адамға қатысты әдепсіз әрекет, 13 жасқа дейінгі қыз баламен заңсыз жыныстық қатынас, 16 жасқа дейінгі қыз баламен заңсыз жыныстық қатынас, қан араласу, жеңгетайлық, әйелді ұрлау, көпәйелділік және т. б.

Осылардың арасындағы ең сорақысы,періштедей пәк балаларға көрсетілетін зорлық – зомбылық - менің бүгінгі таңда аса маңызды деп білетін мәселелерімнің бірі.

Зерттеушілердің бағалауы бойынша, қазіргі уақытта көптеген елдерде жекелеген әлеуметтік топтарда адамгершіліктің төмендеуі байқалады, бұл қылмыста, оның ішінде кәмелетке толмағандарға қарсы сексуалды қылмыс жасауда елеулі рөл атқарады. Соңғы зерттеу көрсеткендей, ерте қолайсыз құбылыстар (мысалы, балаларға қатысты жыныстық зорлық-зомбылық) дамушы жастағы, сондай-ақ ересек жастағы психикалық бұзылыстардың ең күшті предикторы болып табылады .

Кәмелетке толмағандарға қарсы нәпсіқұмарлық қылмыстар жасау өз салдары бойынша әлеуметке қарсы қылмыс (жиі агрессивті-зорлық), нәпсіқұмарлық мінез-құлықтың ең қауіпті және ауыр нысандарының бірі болып табылады. Бұл қылмыс Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚР Қылмыстық Кодексінің «Жеке адамға қарсы құқық бұзушылықтар» бөлімінің 120 – 124 баптарымен сараланады [1]. Теорияда бұл әрекеттер «121 – бап. Сексуалдық сипаттағы зорлық – зомбылық әрекеттерімен» қарастырылады. Бұл заңдардың қабылданған себебі тектен – тек емес. Қоғамда дәл осы баппен жазаланатын қанша іс – әрекеттер болып жатыр?! *Оған мысал 2019 жылдың қазан айының 18 жұлдызында Тараз қаласындағы мектептердің бірінде болған сұмдық жағдай. 7 – сынып оқушысынына география сабағы уақытында жыныстық қылмыс жасаған тұлға өмір бойы бас бостандығынан айырылуы мүмкін.* Себебі, қылмыскер бұған дейін де осы баппен 4 жыл жазасын өтеп, 1 жыл шартты түрде жазасын өтеген екен. Жаза өтеу мерзімінің төмен болу себебі, ең бірінші рет жасалған сексуалдық сипаттағы қылмысты қылмыскер 17 жасында, яғни кәмелет жасқа толмаған кезінде жасаған. Қылмыс осы баптың 3 – 1 бөлігінің «1» бөлігіне сәйкес, яғни көрінеу кәмелет жасқа толмаған адамға қатысты жасалған қылмыс ретінде қарастырылады.

Сонымен қатар, қоғамда тек бөтен адамдар тарапынан ғана емес, қасындағы жақын деген адамдар да осындай немесе ұқсас әрекеттерге барып жатады. Ондай қылмыстарды Қылмыстық кодекстің мына бөлігімен «122 – бап. Ол алты жасқа толмаған адаммен жыныстық "Адамдар оларды қызықтыратын объектіні таңдамайды - олар бұған келеді. Педофил болып ешкім де өскісі келмейді", - деп түсіндірді Джон Хопкинс атындағы секс және жыныс клиникасының директоры, дәрігер Фред Берлин.

Психиатрия жөніндегі диагностикалық орталыққа сәйкес, психологтар, өткен ұрпақтың криминалистері педофилияны "жас баламен жыныстық белсенділікке байланысты мерзімді, қарқынды қиялдармен, ниетпен немесе мінез-құлқымен" сипатталатын психикалық ауытқу ретінде зерттеді.

Қазіргі уақытта ешқандай зерттеу проблеманың толық көрінісін бермейді.

Педофилия көбіне – көп еркек адамдарда байқалады. Әйел адамдарда аз кездесетін факторлардың бірден – бірі осы құбылыс [3].

Жалпы теорияда да, практикада да кәмелет жастың дефинициясын біздердің білетініміз анық. Ал, жыныстық келісім жасы туралы айтатын болсақ: жыныстық келісімнің жасы – бұл заңнамалық белгіленген жас, одан бастап адам жыныстық қатынасқа түсуге саналы келісім бере алады деп саналады. Ол әр мемлекетте әр түрлі:

Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 120 – бабының 3 – 1 тармағында бұны «көрінеу он алты жас» деп белгілеген.

Бұл індеттің түп тамырын қазбалайтын болсақ, жалпы педофилия грек тілінен аударғанда – «балаларға деген махаббат» деген мағынаны білдіреді. Бұл тар мағынада. Бірақ кең мағынада - балаларға сексуалды тартымдылықтан көрінетін жыныстық артықшылық, әдетте пубертатты жасқа дейін және пубертатты жастағы балаларға бағытталады. [4] Жасөспірімнің бейнесі педофил үшін өзіндік бір фетиш болып саналады [5].

Аурулар мен денсаулыққа байланысты мәселелердің халықаралық статистикалық жіктемесіне (*International Statistical Classification of Diseases and Related Health Problems*) байланысты бұл құбылысты 2 түрлі теориямен түсіндіреді:

- ✓ *психикалық ауру*
- ✓ *парафилия (жыныстық қызығушылық) [6].*

К. Бартол зорлау қылмыстарын жасайтын адамдар түрін 4-ке бөлектеуді ұсынады:

- ✓ *агрессия әрекеттерімен байланысты зорлаушы;*
- ✓ *өз-өзін ұстайтын неуровновешанный түрі,*
- ✓ *жыныстық - агрессивті қылмыскер,*
- ✓ *импульсивті қылмыскер [7].*

Педофилияның бірнеше түрі бар:

Субъектілердің гендерлік қатыстылығына байланысты:

- *бисексуал-педофилді түрлі жыныстағы балалар тартады;*
- *гетеросексуалды-жыныстық бұзылулары бар адамды қарама-қарсы жыныстың өкілдері тартады, бірақ әлдеқайда кіші жастағы;*
- *гомосексуалды-жыныстық құмарлықтың нысаны педофил сияқты жыныстағы балалар болады.*

Педофил жыныстық құмарлықты сезінетін балалардың жасына байланысты 3 типті:

- *педофильдік- құмарлықтың объектісі болып 10 жасқа дейінгі балалар ;*
- *гебефильдік-жыныстық құмарлық 11-15 жастағы балаларға бағытталған;*
- *педогебефильді түрі-педофилді алдыңғы екі түрлі санаттағы балалар қызықтырады.*

Жалпы ғаламшарда 4 түрлі құқықтық жүйе орын алған. Сәйкесінше осы 4 түрлі жүйеде дәл осы қылмыстың саралануы да, жазалануы да әр түрлі.

Мысалы, романа – германдық құқықтық жүйені ұстанатын мемлекеттерге – Франция, Германи, Чехия, Польша, Ресей, Қазақстан және де т.б мемлекеттер жатады. Сонымен қатар, химиялық кастрация институты АҚШ-та белсенді қолданылады. Әрине, қылмыскерге таңдау беріледі. Кастрация жолын таңдау арқылы, қылмыскер жаза мерзімін азайтады немесе

толықтай босатылады. Хирургиялық кастрация, атап айтқанда, Чехияда соңғы отыз жыл бойы қолданылады. Менің ойымша, мұндай шарала кәметке толмағандарға, ең алдымен жас балаларға және баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау (жыныстық қол сұғушылықтан қорғауды қоса алғанда) туралы мәселені шешу кезінде пайдаланылуы мүмкін ең мықты шешім. "Хирургиялық кастрация" ең қуатты қылмыстық-құқықтық қару ретінде қаралатын болады. Ал, АҚШ-тың жарты штаттарының заңнамасы Техас және Калифорнияны қоса алғанда, педофилдер мен жыныстық маньяктардың мәжбүрлі химиялық кастрациясын көздейді.

Жалпы, тарихта алғаш рет химиялық кастрацияны қолданған ел Америка Құрама Штаттары болған - ды. Бұл жаза ХХ ғасырдың 90 – жылдарында «Меган Заңы» аясында қолданыла бастаған. Дәл осы заңның пайда болуы үшін 7 жасар Меган Канка қазаға ұшырауы тиіс болған екен. Себебі, әлемге ешқандай зұлымдығы жоқ, кішкентай Меган Канка өзінің 33 жасар көршісі Джесси Тиммендекаспен зорланып, өлтірілген. Бірақ бұл соңы емес. Ең қызығы, осыған дейін Джесси 2 кәмет жасқа толмаған қыздарды зорлағаны үшін жазасын өтеп шыққан. Онымен қоса спецификалық емді де қабылдаған.

Қазақстанның өзі бұл жазаны тек 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енгізді. Өмірге қауіп төндіретін жанама әсерлер сирек кездеседі, бірақ емделушілердің бір бөлігі семіздік және сүйек тығыздығын азайтады, бұл ұзақ мерзімді кардиоваскулярлық аурулар мен остеопорозға әкелуі мүмкін. Оларда сондай-ақ гинекомастия дамуы мүмкін (Әйел түрі бойынша кеуде өсуі). Бұған дейін қылмыс жасаған тұлға ҚР ҚК 120-бабының 3 – 1 тармағына сәйкес он екі он бес жылға дейін бас бостандығынан айыру болатын. Бұл бапқа Сенат кішігірім өзгерістер енгізді. Максималды жаза 17 жылға дейін созылды.

Жалпы Қазақстан Республикасы мемлекеттің бюджетінен 1 қылмыскерге бір жыл ішінде химиялық кастрация жүргізу үшін 126 000 теңге көлемінде қаражат жұмсалады.

Статистикаға сүйенетін болсақ:

- ✓ 2018 жылы 77 педофилге 9 629 000 теңге;
- ✓ 2019 жылы 152 педофилге – 19 010 000 теңге;

Соңғы жаңалықтар бойынша Қазақстанда 4 педофилге химиялық кастрацияға қолданылмақшы. Рәсім бір реттік емес, жарты жылға созылады, деп хабарлайды [tengrinews](#) тілшілері [8].

И. С. Конның пайымдауынша жас балаларға қатысты жыныстық сипаттағы зорлық-зомбылық жасаған адамдардың негізгі бөлігі педофилдер санатына жатпайды, олар қалыпты психикасы бар, некеде тұратын және өзіне тән емес және сенімсіздік себебінен қылмыстық әрекеттер жасайтын адамдар болып табылады. Бала қолсұғушылықтың нысаны ретінде өзінің қорғансыздығымен және дәрменсіздігімен қызығушылық тудырады [9].

Қазақ тәрбиесінде балаға жыныстық қатынас туралы айту «ұят» деген ұғымның төңірегінде ғана айналшықтап шықпайды. Егер жасөспірімдермен осы тақырыпта ашық сөйлесу, олардың алдағы тағдырын шешу мүмкіндігіне ие болса, ендеше осы бағытта бірқатар жұмыстар жүргізілуі керек. Ұлы сөзде ұят жоқ. Кей адамдар, яғни бұл екі тарап та болуы мүмкін, осынау қылмысты білместіктен істеуі мүмкін. Біреуі қызуғышылықтан, екіншісі дұрыс қорғана алмағандықтан. Яғни, бұл жерде тек жыныстық қатынас туралы ғана емес, осындай бейнедегі зорлық – зомбылықпен кездескен кезде өзінді қалай ұстау керектігі туралы тәрбие сағаттар мен қорғаныс қимылдарына үйрету керек деп білемін.

Қазақстан судьяларының VII съезінде ҚР Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев еліміздің сот және құқық қорғау органдарының қызметін қатаң сынға алды. Елбасының пікірінше, «олар өздеріне жүктелген қызметті – азаматтарымыздың құқықтары мен бостандықтарын қорғау және қалпына келтіру дұрыс деңгейде орындамайды», - деді Адам құқықтары және заңдылықты сақтау жөніндегі Қазақстандық Халықаралық бюросының ШҚО филиалының директоры Қуат Рахымбердин.

Ата-аналар қанша жерден шырылдаса да, педофил өзінің еркін сезінеді. Егер оның іс-әрекетінің физикалық салдары болмаса, онда баланың сөздері ойдан шығарылған болып табылады. «Балалар қиялға бейім», - деп түсіндіреді Горгадзе. Менің ойымша, осы санаттағы

істер бойынша біз кінәсіздік презумпциясы қағидаттарынан ауытқып, баланың шындықты айтқанын негізге алуымыз керек. Өйткені қазір біз қылмыскер бұл жағдайда кінәсіздік презумпциясына байланысты кінәсіздігін сезінетіндігіне сенімдіміз. Сараптама мен жауап алуды алдымен балаға өткізу арқылы шындыққа жету әлдеқайда тиімдірек болар еді.

«Конституциялық құқық», «Өмір сүру құқығы», «Гуманизм саясаты» дегенді күнделікті өмірде көп еститін болдық. Себебі, қазіргі уақытта құқықта ең көп қозғалатын тақырып осы болып тұр. Оны мынадан байқауға болады: педофилдерге берілетін таңдау. Кастрация немесе абақты. Сосын қамаудан 17 жылдан кейін бәрібір бостандыққа шығатынын білгеннен кейін, кастрацияға келісетіндердің саны жоқтың қасы.

«Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы» Еуропалық Конвенцияның» 2 – бабына сәйкес[10]:

1. Әр адамның өмір сүру құқығы заңмен қорғалады. Заңмен осындай жаза көзделген қылмыс жасағаны үшін сот шығарған өлсім жазасы үкімін орындаудан басқа ешкім де қасақана өмірінен айырыла алмайды.

2. Өмірен айыру осы бапта көзделген әрекеттерге байланысты заңды бұзушылық болып қарастырылмайды, егер :

- кез келген адамды құқыққа қарсы зорлық-зомбылықтан қорғау үшін;
- заңды негізде қамауға алынған адамның заңды түрде ұсталуын жүзеге асыру немесе қашып кетуін болдырмау үшін;
- заңға сәйкес қарсылықты не бүлікті басу үшін.

Біз мақсат етіп отырған Еуропа Одағының 1950 жылы 4 қарашада күшіне енген заңының өзі мен мақсат етіп отырған жазаны заңдастырып беріп тұр. Бізге оны ратификациялайтын батыл жүрек жетпейді. Сонымен қатар, өлім жазасын заңдастыратын болсақ, экономикамыз, саяси аренадағы орнымыз нық болмайды деген стереотиптерді құлаттым деп ойлаймын.

Балаларға қарсы қылмыстар үшін жазаны күшейту қажеттілігі туралы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Қазақстан халқына Жолдауында айтты. "Біз заңнаманы ізгілендіруге әуестендік, бұл ретте азаматтардың негізгі құқықтарын елеместен. Жыныстық зорлық-зомбылық, педофилия, есірткі тарату, адам саудасы, Әйелдерге қарсы тұрмыстық зорлық-зомбылық және жеке адамға, әсіресе балаларға қарсы басқа да ауыр қылмыстар үшін жазаны жедел түрде күшейту қажет. Бұл менің Парламентке және Үкіметке берген тапсырмам", - деді ол. Мемлекет Президенті бастама беріп отырған бұл әрекеттер сипаты жоғары деңгейде болуы міндет.

Химиялық кастрацияның өзін әрең дегенді өткен жылы енгіздік. Күткен үміт ақталмауда. Ендеше, бұл қылмыстың азаюы үшін өзге жаза түрін практикада қарастыруға болады.

Менің ұсынысым – өлім жазасы.

Қытай, Араб Әмірліктері, Оңтүстік Корея, Латын Америкасы, Иран, Ирак, Африка елдерінде дәл қозғалып отырған қылмыстар ешқандай талқылауға түспейді. Қылмыскердің айыбы 100% дәлелденіп тұрса, үзілді кесілді өлім жазасы тағайындалады.

Қоғам осы тақырып аясында екіге бөлінді: аболиционисттер – қандай да қылмыс болмасын, өлім жазасын қолдамайтындар және баррикадалар – өлім жазасына оң көз танытатындар.

Жалпы өлім жазасы туралы нақтылы аргумент айту қиын. Өйткені бізде құқық және діни көзқарас бар. Алайда, мен бұл жазаның Конституцияның және өзге де нормативтік құқықтық актілердің негізінде мемлекетке опасыздық және террористтік әрекеттермен қатар, көрінеу он алты жасқа толмаған балаларға қатысты жыныстық қылмыстарға да қолдану керектігін айтқым келеді.

Мемлекет кек қайтаратын қаруға айналмауы тиіс. Сонымен қатар, қылмыскер мемлекетке қарағанда әлсіз. Алайда, өлім жазасы – бұл қоғам немесе мемлекет тарапынан кек емес, ол Конституциямен, халықаралық шарттармен, Қылмыстық Кодекспен негізделген жаза. Көптеген қазақ қоғамындағы аболиционисттер осы жазаның экономикаға қатты әсер

ететіні туралы айтып жатады. Біріккен Араб Әмірліктерінің (осыдан кейін БАӘ) бұл санкция әрекетінен экономикасының төмендеп жатқанын байқау өте қиын. Кейбір деректерге сүйенсек, бұл мемлекеттің мұнай қоры 98,6 млрд – ты құрайды. Ал, халық саны 9,3 млн. Сондықтан Қазақстан тұрғындары небәрі 18 млн – ды құрайды және бұл жаза ақылға қонымсыз десеңіз, БАӘ туралы еске түсіргеніңіз жөн болар.

Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасын мүлдем салыстырушы болма дейтін адамдар да кездеседі, рас. Алайда, егер салыстыру болмаса, онда прогресс те, алға даму деген ынта да болмайтыны анық. Келісімен, халық саны жағынан бізден өте көп. Бірақ жаза қатаң болғандықтан сапа да бар. Айта кететін жағдай, Қытай мемлекеті бұндай қатыгездермен өлім жазасы арқылы қоштасу тарихтағы оңай жаза десе де болады. Өйткені осыған дейін Қытайлық бамбук азаптау - бүкіл әлемге әйгілі" ауыр " жазалау тәсілі болған екен. Мүмкін, аңыз болар, өйткені, азаптаудың шынымен қолданғаны туралы ешқандай құжат дәлелдемесі сақталмаған.

ҚР Бала құқықтары жөніндегі уәкілі Зағипа Балиева:

- «Мен соғыс кезіндегі қылмыстармен, Террористік қылмыстармен және кісі өлтірумен, зорлық-зомбылықпен және басқалармен байланысты балаларға қатысты аса ауыр қылмыстармен тең дәрежеде өлім жазасы қолданылғанын жақтаймын. Мен-жақтаушымын, мен бұл туралы ашық мәлімдеймін», - деп сұхбат берген болатын [11].

Әзірге елімізде өлім жазасына мораторий бар екенін, өмір бойы қамау туралы мәселе қою керек екендігін қозғады. Сондай-ақ Балиева баланы қараусыз қалдырған ата-аналардың жауапкершілігін қарастыруды ұсынады. Ол әдетте ата-аналардың бейқамдығы қылмыскерлерге балаларды ұрлауға мүмкіндік береді деп санайды.

Телеарна мәліметтері бойынша, қазір еліміздің түрмелерінде 1 300 зорлықшы бар. Және олардың әрқайсысы әр түрлі уақытта бостандыққа шығатыны факт. Жазаны қатаңдату туралы сөз Ақтау қаласындағы 6 жасар Виктория Мининаның айуандықпен зорланып өлтірілігені туралы деректер пайда болғанынан қозғалды.

Владислав Челахты қорғаған Серік Сәрсеновқа, балалар омбудсменінің идеясы жақын болды. Жалпы, ол мораторий жариялау дұрыс емес деп ойлайды. Ал еуропалық тәртіп Қазақстанға қажет емес, деп мәлімдеді адвокат.

"Егер өлім жазасын алып тастауды жақтайтын адамдар өз немерелері сондай жағдайға түсіп зорлап, өлтірген адамды тірі қалдыруды сұрар ма екен?! Ежелгі ғасырларда "қанға қан, жанға жан " деп бекер айтпаған. Мен жас балаларға қатысты қылмыстар, жаппай кісі өлтіру, террористік актілер үшін өлім жазасы қажет деген пікірді толық қолдаймын. Еуропаға тең келетін ештеңе жоқ, бізде өз құндылығымыз бар. Олардың принциптеріне сүйенетін ештеңе жоқ. Бізде өз өміріміз, өз тарихымыз бар", - деді Сәрсенов. Бұл жерден менің пікірімнің қазіргі уақыттың өзінде осындай беделді адамдармен бірдей болып отырғандығы көп нәрсені айтатын сияқты.

Мен айтқан аболиционисттер өлім жазасын қолдансақ мәдени даму жолында екі бағытты таңдауға болады дейді:

- 1) Жабайы мемлекеттер қатарында (Иран, Ирак, Пәкістан секілді);
- 2) Ортақ мәдениетті мемлекеттерге негізделу (Германия, Франция, Ұлыбритания)

Олар айтып отырған Қытай мемлекеті - әлемдегі ең ұлы державалардың бірі. Немесе Біріккен Араб Әмірліктері бүкіл халқын әлеуметтік қамтамасыз етіп отырған мемлекет. Сонымен қатар, АҚШ та бар. Әлемге демократиясымен танымал...Бұлардың барлығы бос сөз екендігі айдан анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚР Қылмыстық Кодексі.
2. Ішкі істер министрлігінің ресми парақшасы.
3. Ткаченко,1997.42 б.

4. Крылов А.А. Психология личности (2-е издание): Оқулық. – М.: Издательство Проспект, 2005. – 495 б.
5. Лейбин В. Словарь-справочник по психоанализу. – 2-е издание. – М.: АСТ, 2010. – 956 б.
6. Okami P. Goldberg A. Personality orrelates of Pedophilia:Are They Reliable Indicators?//Journal of Sex Research.1992. Vol.29.№3.P.297-378. The American Heritage Stedman`s Medical Dictionary.6 ed.Boston:Houghton Mifflin Company,2002.923р;
7. К.Бартол 2003ж Учебное пособие. — СПб.: Прайм-Еврознак, 2004. — 352 б.
8. Педофилдерге қатысты химиялық кастрация тым қымбатты деп танылды <http://www.rosbalt.ru/main/2011/07/04/865921.html>;
9. Кон И.С Социологическая психология. – М.: Моск.психолог-соц.ин-т; – Воронеж: МОДЭК, 1999. – 560 б.
- 10.«Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық Конвенция» Рим, 4 қараша 1950 жыл. 2 б.
11. «Tengrinews» - жаңалықтар порталы.